

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

БЕКІТЕМІН

Батыс Қазақстан инновациялық-
технологиялық университетінің ректоры,
профессор Б.Т.Шакешев

« ____ » _____

**ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА
ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ІСКЕ АСЫРУ**

тақырыбында педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру
курсының бағдарламасы

Орал, 2023 ж

Мазмұны

1. Жалпы ережелер
2. Глоссарий
3. Бағдарламаның тақырыбы
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны
6. Оқу процесін ұйымдастыру
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету
8. Оқу нәтижелерін бағалау
9. Курстан кейінгі сүйемелдеу
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін демократияландыру, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге, дамытуға және оқытуға гуманистік көзқарастарды бекіту кезеңінде барлық балалардың, оның ішінде осал топтардағы балалардың: ауылдық және алыс жерлерде тұратын балалардың, этникалық және тілдік шектеулері бар балалардың, АИТВ және ЖИТС-тен зардап шеккен балалар, мигрант балалар, сондай-ақ даму мүмкіндігі шектеулі балалар мен әртүрлі оқу қиындықтарына тап болған балалардың шығармашылық дамуы, өзін-өзі тәрбиелеуі, кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін оңтайлы жағдайлар жасау мәселесі ерекше өзектілікке ие болуда.

Қазақстан Республикасының Заңнамасында адам құқықтары саласындағы негізгі халықаралық құжаттарға сәйкес елдің барлық балалары үшін білім алуға тең құқықтар қағидаты көзделеді. Балалардың білім алу құқығының кепілдіктері Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасындағы «Бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарында бекітілген.

Барлығы үшін сапалы білімге қол жеткізуде тең құқықтардан тең мүмкіндіктерге қарай дәйекті қадамдар жасай отырып, ҚР Үкіметі "Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында" инклюзивті білім беруді дамытуды маңызды міндеттердің бірі ретінде айқындайды. Бағдарламада барлық балаларды, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беру кеңістігіне қосудың қажетті нормативтік-құқықтық негізін құруға ықпал ететін іс-шаралар айқындалған.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыруларды енгізу (ҚР Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ) жүзеге асырылады.

Тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген балаларды «ерекше білім беруді қажет ететін балалар» анықтамасымен айқындайды.

Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерді ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін үдеріс. Бұл анықтама жалпы білім беретін мектеп жағдайында барлық балаларды оқытудың ең қолайлы тактикасы ретінде халықаралық қауымдастық мойындаған білім берудегі инклюзияның мәнін көбірек ашады.

Инклюзивті сүйемелдеу бойынша мектептегі өзара іс-қимыл жағдайында баланың және сыныптағы ұжымның табысты оқуы мен дамуының тиімді жұмыс істеуі үшін педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік, санитарлық жағдайларын талдау қажет. Ең басты мақсаты – педагог-психолог, әлеуметтік педагог, логопед, медицина қызметкері, мұғалімдер мен әкімшіліктің жалпы кәсіби іс-әрекеті болып табылады. Бұл психологиялық-педагогикалық

сүйемелдеу мамандары диагностика, кеңес беру және түзету әдістерін ғана емес, сонымен қатар проблемалық жағдайларды жүйелі түрде талдауға, оларды шешуге бағытталған іс-шараларды бағдарлауға және жоспарлауға, осы мақсатта білім беру үдерісіне қатысушыларды ұйымдастыруға қабілетті екенін көрсетеді.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы жағдайында инклюзивті білім беруді сәтті енгізу:

1) ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қосымша қызмет және қолдау көрсетуді қарастыратын оқу жоспарын құрастыру;

2) оқу мазмұнын баланың тәжірибесіне бейімдеу және өзіндік дамуына бағыттау;

3) күнделікті оқу үрдерісінде пайда болатын қиындықтарды анықтап, оларды жеңуде балаға қолдау көрсету, әрбір нақты жағдай үшін қарастырылған бағалау үдерістері арқылы баланың жеке даму ерекшеліктеріне жетекшілік жасау;

4) оқу үдерісінде тиімді, белсенді және қажетті технологияларды қолдану;

5) кеңістіктік кедергілерді барынша азайту немесе жою және баланың оқу әрекеті мен қарым-қатынас ұтқырлығын қамтамасыз ету үшін техникалық және компенсаторлық көмекші құралдарды пайдалану.

Инклюзивті оқытудың негізгі идеяларын ашатын аталған ережелер оның құндылықтары мен бағдарларын анықтайды, онда барлық балалар әртүрлі оқу қажеттіліктері бар жеке тұлғалар болып табылады. Сондықтан осындай топтағы білім алушылар үшін олардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын тиімді, арнайы әдістеме қажет.

2. ГЛОССАРИЙ

Арнаулы білім беру ұйымдары - мүмкіндігі шектеулі балалардың диагностикасы және консультациялар алуы, оларды психологиялық-педагогикалық қолдау, оқыту мен тәрбиелеу үшін құрылған ұйымдар: психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, балабақшалар, мектептер жанындағы логопедтік пункттер және басқа да ұйымдар;

Әлеуметтік бейімдеу - нысаналы әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау процесінде кемтар балалардың қоғамда қабылданған құндылықтарды, мінез-құлық ережелері мен нормаларын игеруі мен қабылдауы және еңбекке даярлануы жолымен әлеуметтік орта жағдайларына белсенді түрде икемделуі;

Білім алу үшін арнаулы жағдайлар – ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, оқу, сондай-ақ арнаулы, жеке дамыту мен түзеу-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар;

Ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) – тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар);

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау;

Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс;

Инклюзия – бұл балаларды олардың жыныстық, этникалық және дінге қатыстылықтары, оқудағы жетістіктері, денсаулық жағдайы, даму деңгейі, ата-аналарының әлеуметтік-экономикалық мәртебесі мен басқа да айырмашылықтарына қарамастан жалпы білім беретін жүйеге толық енгізу үдерісі, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Кемтар бала (балалар) - белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар);

Кемтар баланы оңалтудың жеке бағдарламасы - баланың соматикалық жай-күйі деңгейінің болжамын, психикалық-дене төзімділігін, отбасының әлеуметтік мәртебесі мен әлеуметтік инфрақұрылым мүмкіндіктерін ескере отырып, оның қажеттіліктерінің құрылымына, ден қоятын мәселелерінің шеңберіне, құштарлықтарының деңгейіне сәйкес баланың тұрмыстық, қоғамдық, кәсіби қызметке қабілетін қалпына келтіруге

бағытталған медициналық, психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік іс-шаралар тізбесі;

Қашықтықтан білім беру технологиясы – білім алушы мен педагог қызметкердің жанама түрде, алыстан немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту;

Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдау – қызметтің қандай да бір түрін орындау қабілеттерін қалпына келтіруге немесе оның орнын толтыруға бағытталған көрсетілетін қызметтер мен іс-шаралар кешені;

Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру – білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет;

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация балаларды зерттеп-қарауды және оларға консультация беруді, ерекше білім беру қажеттіліктерін және білім алу үшін арнаулы жағдайларды бағалауды, білім беру бағдарламасын айқындауды жүзеге асыратын, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдауға жіберетін білім беру ұйымы;

Психикалық кемістік - адам психикасы дамуының және (немесе) жұмыс істеуінің уақытша немесе тұрақты кемістігі, соның ішінде: сенсорлық бұзылыстардың салдары; сөйлеу бұзылыстары; эмоциялық-еркі жағынан бұзылыстары; ми зақымдануының салдары; ақыл-ой дамуының бұзылыстары, соның ішінде ақыл-ой жағынан кенжелеп қалу; психикалық дамуының тежелуі және осыған байланысты оқып-үйренудегі өзіндік қиындықтар;

Саралап оқыту – оқытуды ұйымдастыру формасы, бұл тәсіл кезінде оқушының типологиялық, жеке психологиялық ерекшелігін есепке алу жүзеге асады және мұғалім мен оқушының арасында ерекше байланыс орнатылады.

3. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ

№ р/с	Тақырыбы	Сағат көлемі	Соның ішінде	
			дәріс	практ. сабақтар
1	2	3	5	6
1 -ҚҰҚЫҚТЫҚ-НОРМАТИВТІК МОДУЛЬ				
1.1	Инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары	4	2	2
1.2	Инклюзивті білім беруді заңнамалық қамтамасыз ету және халықаралық тәжірибе	4	2	2
1.3	Инклюзивті білім беру жағдайында жалпы білім беретін мектептегі оқу-тәрбие үдерісін құқықтық-нормативтік реттеу	4	2	2
2 –БАСҚАРУШЫЛЫҚ МОДУЛЬ				
2.1	Инклюзивті білім беру – педагог кәсібилігінің жаңа тұрпаты: әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және педагогикалық қызметті басқару	4	2	2
2.2	Мектепте инклюзивті білім беру мәдениетін құру	4	2	2
2.3	Білім беру ұйымына инклюзивті білім берудегі қолжетімділікті қамтамасыз ететін талаптар	4	2	2
2.4	Ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылар үшін арнайы білім беру жағдайын ұйымдастыру	4	2	2
3 – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МОДУЛЬ				
3.1	Инклюзивті білім беру субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдау шарттары және оны ұйымдастыру	4	2	2
3.2	Білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі – тұлғаның психологиялық саулығының шарты	4	2	2
3.3	Ерте аутизмді балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері	4	2	2
3.4	Көру, есту, сөйлеу қабілеттері, тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері	4	2	2
3.5	Зиятында ақау бар, психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері	4	2	2
3.6	Босқын балалар, мигрант балалар мен қандас балалардың психологиялық-педагогикалық	4	2	2

№ р/с	Тақырыбы	Сағат көлемі	Соның ішінде	
			дәріс	практ. сабақтар
	сипаттамасы, аз ұлттар отбасылары балаларының ерекшеліктері			
4 – МАЗМҰНДЫҚ МОДУЛЬ				
4.1	Инклюзивті білім берудің негізгі ұғымдары және қағидалары	4	2	2
4.2	Білім беру ортасын заманауи модельдеу – ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды қалыпты білім кеңістігіне қосу шарты	4	2	2
4.3	Ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылар үшін білім бағдарламаларын және оқу ресурстарын бейімдеу	4	2	2
4.4	Ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылар үшін жеке білім траекториясын жобалау	4	2	2
4.5	Ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды оқытуда жекелеу-саралау тәсілін қолдану	4	2	2
4.6	Психикалық дамуы тежелген балаларды түзете-дамыта оқытудың негізгі бағыттары және мазмұны	4	2	2
4.7	Ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды қосымша білім бағдарламасына тарту	4	2	2
4.8	Ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру және тәрбиелеуде отбасының рөлі	4	2	2
5-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МОДУЛЬ				
5.1	«Ерекше» баланы қалыпты білім кеңістігіне тартуға дайындықтың технологиялық негіздері	4	2	2
5.2	Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында белсенді және смарт-оқу	4	2	2
5.3	Ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды қашықтықтан оқыту технологиясы	4	2	2
5.4	Мектептің психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум қызметінің технологиясы	4	2	2
5.5	Оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесінің технологиясы	4	2	2
5.6	Блум таксономиясы – функционалдық сауаттылықты дамытуда оқу жетістігін бағалау әдісі	4	2	2

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

Курсты игеру мақсаты:

Оқушылардың ерекше білім қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алуға тең қол жеткізуді қамтамасыз етуге ықпал ететін ортақ кеңістік құру аясында педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.

Курстың міндеттері:

- инклюзивті білім берудің ғаламдық беталысы туралы ақпарат беру;
- жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті үдерісті реттейтін нормативтік құқықтық актілерді талдау;
- инклюзивті білім беруді теориялық-әдіснамалық және ғылыми-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету;
- педагогтардың мүгедектікті философиялық және әлеуметтік тұрғыдан түсінуін қамтамасыз ету;
- инклюзивті білім берудің қағидалары, ерекше білім қажеттіліктері бар балалардың дамуы және тәрбиесі, оларды оқытуды ұйымдастырудың педагогикалық және психологиялық негіздерін сипаттау;
- педагогтардың ерекше білім қажеттілігі бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау технологияларын меңгеру дағдыларын қалыптастыру.

Курстан күтілетін нәтижелері

Курсты оқу нәтижесінде тыңдаушылар келесі құзыреттерге ие болуы керек:

білу: ерекше білім қажеттілігі бар оқушылар категориясын білуі және олардың мүмкіндіктеріне сәйкес оқыту әдістемелерін меңгеруі;

түсіну: жаңартылған білім беру жағдайындағы инклюзивті білім берудің ерекшеліктерін;

қолдану: заманауи білім беру инновациялары мен реформаларды инклюзивті білім беруде жүзеге асыру;

Кәсіби қызметінің объектілері

- барлық үлгідегі мектепке дейінгі ұйымдар; (бөбекжай);
- жалпы білім беретін мектептер, оның ішінде шағын жинақты мектептер, санаториялық мектептер, спорт мектептері, балалар үйлері;
- арнайы түзеу ұйымдары (мектеп-интернаттар, дене немесе ақыл-ой дамуында ауытқулары бар балалар мен жасөспірімдерге арналған сыныптар, оңалту орталықтары, түзету кабинеттері, психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық кеңес беру мекемесі);
- бастауыш кәсіптік білім беретін оқу орындары;
- орта кәсіптік оқу орындары (колледждер).

5. ПӘННІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

№	Дәріс (2 сағаттан)	Дәріс сабағында қарастырылатын сұрақтар	Практикалық сабақ (2 сағаттан)
1 – Құқықтық-нормативтік модуль			
1.	Тақырыбы: Инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары <i>Әдісі: «Миға шабуыл»</i>	Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру жүйесін дамыту бойынша іс-шаралар кешені. Инклюзивті білім берудің қазақстандық моделі. Қазақстан Республикасының қазіргі жағдайында инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың стратегиялық бағыттары.	Инклюзивті білім беруді дамытудың тарихи-философиялық аспектілері <i>Әдісі: «Бумеранг»</i>
2.	Тақырыбы: Инклюзивті білім беруді заңнамалық қамтамасыз ету және халықаралық тәжірибе <i>Әдісі: «Бөлім бойынша оқу»</i>	Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Білім беру ресурстары. Ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды оқыту үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер. Саламанка Декларациясы инклюзивті білім беру саясатының негізгі міндеттері.	Инклюзивті білім беру модельдерін енгізудің шетелдік тәжірибесі <i>Әдісі: «Ассоциация»</i>
3.	Тақырыбы: Инклюзивті білім беру жағдайында жалпы білім беретін мектептегі оқу-тәрбие үдерісін құқықтық-нормативтік реттеу <i>Әдісі: «Көрмеге саяхат»</i>	Инклюзивтік білім берудің құрылымын анықтайтын нормативтік құжаттар. Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен беталыстарын, қиын өмірлік жағдаяттағы балаларға арнайы әлеуметтік қызмет көрсетудің мемлекеттік стандарттарын анықтайтын басқа да құқықтық-нормативтік актілер.	Инклюзивті білім берудің тұжырымдамалық тәсілдері <i>Әдісі: «Аквариум»</i>
2 – БАСҚАРУШЫЛЫҚ МОДУЛЬ			
4.	Тақырыбы: Инклюзивті білім беру - педагог кәсібилігінің жаңа тұрпаты: әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және педагогикалық	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға білім беруді ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Білім беру ұйымында инклюзивті оқу-тәрбие үрдісіндегі педагогикалық қызмет формалары. Оқытудың инклюзивті стратегиялары. Инклюзивті білім беру жағдайында қызмет ететін мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктеріне қойылатын талаптар.	Инклюзивті білім беру жүйесіндегі педагог-мұғалімдердің құзыреттілігіне қойылатын талаптар. <i>Әдісі: «Аяқталмаған сөйлем»</i>

	қызметті басқару <i>Әдісі:</i> <i>«Эвристикалық әңгіме»</i>		
5	Тақырыбы: Мектепте инклюзивті білім беру мәдениетін құру <i>Әдісі:</i> <i>«Диаграмма Исикава»</i>	Инклюзивті білім беруді енгізуге арналған шарттар. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда мұғалімдердің кәсіби-құндылық бағдарлар жүйесі. Инклюзивтік білім беруді дамытудағы басты бағыттар.	Инклюзивті білім беруде түзету жұмысының мақсаты мен міндеті. <i>Әдісі: «Ассоциация»</i>
6	Тақырыбы: Білім беру ұйымына қолжетімдікті қамтамасыз ететін талаптар <i>Әдісі: «Зигзаг»</i>	Инклюзивті білім беруді дамытудағы нақты факторлардың объективті және субъективті қиындықтары. Білім беру ұйымына қолжетімдікті қамтамасыз ететін талаптар. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу білім беру үдерісі.	Ерекше білім беруді қажет ететін адамдарға деген көзқарас модельдері <i>Әдісі: «Ассоциация»</i>
7.	Тақырыбы: Ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылар үшін арнайы білім беру жағдайын ұйымдастыру <i>Әдісі:</i> <i>«Менталды карта»</i>	Инклюзивті мектепті дамыту үшін жалпыға білім беру мектебін өзгерту іс-әрекеттері. Оқу құралдарын түрлендіру. Инклюзивті білім беруді іске асыруда ПМПК-ның рөлі. Ерекше оқыту қажеттілігі бар тұлғаларды тәрбиелеу мен әлеуметтендіруде инклюзивті білім берудің теориялық-әдіснамалық негізі отбасы рөлі.	Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды кешенді психологиялық-педагогикалық қолдаудың ұйымдастырушылық моделі <i>Әдісі: «Синквейн»</i>
2- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МОДУЛЬ			
8	Тақырыбы: Инклюзивті білім беру субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдау шарттары және оны ұйымдастыру Әдісі: «INSERT»	Психологиялық-педагогикалық қолдау. Арнайы жоғары білімі бар психолог, логопед, мұғалім-дефектолог, емдік дене шынықтыру (ЕДШ) нұсқаушысы мамандардың қолдауы. Инклюзивті білім беру жағдайында оқу тиімділігі. Психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік орталықтар, мектептегі қолдау қызметтері, кәсіптік бағдарлау орталықтары, психологиялық-педагогикалық қолдау, психологиялық-педагогикалық қолдаудың ресурстық орталықтары, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, сенім кабинеттері.	Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта мектепте инклюзивті білім беру жағдайында жаңартылған білім беру мазмұнының МЖМБС талаптарын іске асыру ерекшеліктері <i>Әдісі:</i> <i>«Сана ілмегі»</i>

9	Тақырыбы: Білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі – тұлғаның психологиялық саулығының шарты Әдісі: «Кластер»	Жалпы білім беру жағдайында ерекше білім қажеттіліктері бар баланың оқу үрдісі мен әлеуметтік бейімдеуі. Ата-аналар мен педагогтардың ынтымақтастық қағидалары.	Мектеп ұйымдастыратын іс-шаралар. Әдісі: «Шектеулер»
10.	Тақырыбы: Ерте аутизмді балалардың психологиялық - педагогикалық ерекшеліктері Әдісі: «Венн диаграммасы»	Аутизм ұғымына сипаттама. Аутизмнің белгілері және түрлеріне анықтама беру. Аутизм балалардың мінез-құлық ерекшеліктері. Аутизмнің себептері. Аутист балалардың топтары. Аутист балаларға арнайы көмек көрсету.	Қазақстанда аутист балаларға жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстарының ерекшеліктері. Әдісі: «Диаграмма Исикава»
11	Тақырыбы: Көру, есту, сөйлеу қабілеттері, тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың психологиялық -педагогикалық ерекшеліктері Әдісі: «Джигсо»	Көру қабілетінде бұзылыстар бар балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері. Есту қабілетінде бұзылыстар бар балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері. Сөйлеу кемістігі бар балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.	Инклюзивті білім беру жағдайында тұтас педагогикалық процесте оқыту және тәрбиелеу Әдісі: «Жуан және жіңішке сұрақтар»
12	Тақырыбы: Зиятында ақау бар, психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық -педагогикалық ерекшеліктері Әдісі: «6 қалтақ»	Ақыл-ой кемістігінің психологиялық сипаттамасы. Ақыл-ой кемістігінің түрлері. Психикалық дамуы тежелген балалардың психикалық дамуы. Психикалық дамуы тежелген балалардың танымдық деңгейінің даму ерекшеліктері.	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру Әдісі: «IDEAL»
13	Тақырыбы: Дарынды және талантты балалардың психологиялық	Психологиялық-педагогикалық зерттеу нәтижесі бойынша дарынды баланың бейнесі. Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстар. Дарынды оқушылармен жұмыс жасау жүйесіндегі мұғалімнің рөлі.	Дарынды оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуді педагогикалық қолдау моделін қалыптастыру бойынша ұсынымдар Әдісі: «Синквейн»

	-педагогикалық ерекшеліктері <i>Әдісі: «Мига шабуыл»</i>		
14.	Тақырыбы: Босқын балалар, мигрант балалар мен қандас балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы, аз ұлттар отбасылары балаларының ерекшеліктері <i>Әдісі: «Ролдік ойындар»</i>	«Халықты миграциялау» ұғымына сипаттама беру. Адам құқықтарының жалпы декларациясы. Қазақстан Республикасының көші-қон заңнамасы ұлттық және халықаралық деңгейдегі көші-қон үрдістерін басқару жүйесі. Босқын отбасы балаларына көрсетілетін әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық қолдау кешені. Мигрант балалар, аз ұлт балалары, босқындар балалары, қандас балаларын психологиялық-педагогикалық қолдау үдерісінің шарттары.	Мигрант балалар, босқындардың балалары, қандас отбасы балалары, аз ұлт балаларының физиологиялық-психологиялық ерекшеліктері. <i>Әдісі: «БББ»</i>
15.	Тақырыбы: Педагогтардың эмоциялық күйзелістерінің алдын алу шаралары <i>Әдісі: «Сапа ілмегі»</i>	Эмоциялық күйіну ұғымы, оның сыртқы көріністері. Кәсіби күйзелістің қазіргі қоғамдағы кеселі. Кәсіби күйзелістің эмоциялық, мінез-құлықтық, әлеуметтік белгілері. Кәсіби күйзелістің алдын алу психологиялық иммунизациясы. Өнімді еңбек қабілеті.	Кәсіби күйзеліктің алдын алуына бағытталған жаттығулар мен іс-шаралар. <i>Әдісі: «Аквариум»</i>
4 – МАЗМҰНДЫҚ МОДУЛЬ			
16.	Тақырыбы: Инклюзивті білім берудің негізгі ұғымдары мен қағидалары <i>Әдісі: «Семантикалық карта»</i>	«Инклюзия» ұғымына сипаттама. Инклюзивті оқытудың кең мағынадағы мәні. «Инклюзивтік білім беру» (ИББ) ұғымы, мақсат, міндеттері, қағидалары.	Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілетін инклюзивті жұмыстардың бағыттары. <i>Әдісі: «Синквейн»</i>
17	Тақырыбы: Білім беру ортасын заманауи модельдеу— ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды қалыпты білім	Инклюзивті мектепте білім беру ортасын заман талаптарына сай модельдеу. Дамыту ортасының тұжырымдамасына сай ұсынылған талаптар. Инклюзивті сыныпта мүгедектігі бар балаларға арналған ортаны ұйымдастыру. Өмірлік іс-әрекеттің арнайы ортасы.	Инклюзивті оқытуда білім беру ортасын қалыптастыру және интерактивті технологияларды ("кейс-әдіс", "портфолио") қолдану ерекшеліктері <i>Әдісі: «Маркерлік кесте»</i>

	кеңістігіне қосу шарты Әдісі: «Кластеры»		
18	Тақырыбы: Ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылар үшін білім беру бағдарламаларын және оқу ресурстарын бейімдеу Әдісі: «Ойлар жиыны»	Жалпы білім беретін ұйымдарға қосылған ерекше білім қажеттіліктері бар балалар жалпы білім беретін оқу бағдарламалары. ЕБҚ балалардың білім алуына жасалатын жағдайлар, даму бұзылыстарын түзету мен әлеуметтік бейімдеу жолдарын қарастыру. Бейімдеу түсінігі. Инклюзивті сыныпта оқыту жағдайында оқу жоспары оқыту бағыты мен психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру.	Қазіргі уақытта жалпыға білім беру бағдарламалары мен типтік оқу жоспарларын бейімдеу мен түрлендіру парадигмасы Әдісі: «Логикалық тізбек»
19.	Тақырыбы: Ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылар үшін жеке білім траекториясын жобалау Әдісі: «Буклет»	Мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген орта білім берудің инфрақұрылымдық дамуын қамтамасыз ету мәселелері. Педагогикалық көмек қажет ететін оқушылар құрамы. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың оқу жетістіктерін қадағалау және бағалау түрлері.	Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың жетістіктерін бағалау Әдісі: «Ойлар жәшігі»
20.	Тақырыбы: Ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды оқытуда жекелеу-саралау тәсілін қолдану Әдісі: «Эссе»	Жекелей оқыту тәсілін жүзеге асыру. Саралап оқыту. Жекелеп-саралап оқыту технологиясы. Сыныпта жекелеп-саралап оқыту тәсілін қолдану артықшылықтары.	Оқу жетістіктеріне диагностика және қадағалау жүргізу. Әдісі: «Сапа ілмегі»
21.	Тақырыбы: Психикалық дамуы тежелген балаларды түзете-дамыта оқытудың негізгі бағыттары мен мазмұны Әдісі: «Аялдамамен оқу»	Психикалық дамуының тежелу деңгейі және жеке ерекшеліктері. ПДТ оқушыларды оқыту міндеттері. Оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау үдерісі. Түзету-дамытушылық оқыту. Емдеу-сауықтыру жұмысы.	ПДТ оқушыларды әлеуметтік-еңбектік даярлау міндеті. Әдісі: «Аралас логикалық тізбек»
22.	Тақырыбы: Ерекше білім беру	Қосымша білім беру бағдарламасы. Ерекше білім қажеттілігі бар оқушыларға қосымша білім беру	Ерекше білім қажеттілігі бар балалар үшін қосымша білім

	қажеттіліктері бар балаларды қосымша білім беру бағдарламасын а тарту <i>Әдісі: «Суда шеңберлер»</i>	мақсаты. Балаларға ұсынылатын құралдар мен аспаптарды іріктеу.	беру жүйесінің негізгі қағидаттары. <i>Әдісі: «Ия-жоқ»</i>
23.	Тақырыбы: Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру мен тәрбиелеудегі отбасының рөлі <i>Әдісі: «Кросс-дискуссия»</i>	ҚР отбасылық тәрбие берудің заңнамалық негіздері. ЕБҚ балалардың отбасылық тәрбиесін әлеуметтік-педагогикалық қолдауды зерттеу. Отбасын әлеуметтік-педагогикалық қолдау тетіктері.	Отбасы ЕБҚ баланы әлеуметтендірудің маңызды факторы ретінде. <i>Әдісі: «Ойлар жәшігі»</i>
24.	Тақырыбы: Оқу бағдарламасын а сәйкес сабақтарды жоспарлау <i>Әдісі: «Буклет»</i>	Инклюзивті сыныпта стандарт талаптары. Инклюзивті білім беру үрдісінде қолданылатын оқыту стратегиялары. Материалды меңгеру стандарттарын түрлендіру. Оқыту нәтижелерін бағалау.	Инклюзивті білім берудің өзекті мәселелері. <i>Әдісі: «Ойлар жәшігі»</i>
5-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МОДУЛЬ			
25.	Тақырыбы: «Ерекше» баланы білім беру кеңістігіне тартуға дайындықтың технологиялық негіздері <i>Әдісі: «БББ»</i>	Ерекше балаға қатысты педагогикалық қамқорлық-сақтық тәртіпті ұйымдастыру технологиясы. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу технологиясы. Ата-аналарды білім беру үдерісіне тарту (кірістіру) технологиясы. Мектеп пен отбасы әрекеттестігін жетілдіру технологиясы.	Педагогтардың құзыреттілігіне қойылатын талаптар. <i>Әдісі: «Ойлар жәшігі»</i>
26.	Тақырыбы: Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында белсенді және смарт-оқу <i>Әдісі: «Ролдік ойын»</i>	Smart education ұғымына сипаттама беру. Мобильді және Smart-оқытудың мақсаты. Smart-оқыту. Smart-оқытуды ендіру үдерісінің мәні мен рөлі.	Оқушылардың күнделікті өмірінде қолданатын техникалық құралдары мен сабақта қолданатын құралдары арасындағы үлкен айырмашылықтары. <i>Әдісі: «Синквейн»</i>
27.	Тақырыбы: Ерекше білім қажеттілігі бар балаларды	Инклюзивті білім беру жағдайында қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану. Қашықтықтан оқыту инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үдерісі.	Қашықтықтан білім берудің «әрқашан және барлық жерде» қағидаты негізінде

	қашықтықтан оқыту технологиясы Әдісі: «Кластер»		қолданылатын құрылғылардың даму қарқыны Әдісі: «Миға шабуыл»
28.	Тақырыбы: Мектептің психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум қызметінің технологиясы Әдісі: «Аяқталмаған сөйлем»	Психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум қызметі. Психологиялық-педагогикалық консилиум іс-әрекеттің негізгі бағыттары. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум жұмысының қағидалары. Консилиумның түрлері.	Тиімді және құзыретті жұмыс істеу үшін консилиумның құрамы. Әдісі: «Менталды карта»
29.	Тақырыбы: Оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесінің технологиясы Әдісі: «Идеялар қоржыны»	Критериалды бағалау түсінігі. Инклюзивті білім беру жағдайындағы білім алушылардың оқудағы жетістіктерін анықтауға негізделген нормативті құжаттар. Инклюзивті білім беру жағдайында критериалды бағалау жүйесі.	Критерийлер оқу тапсырмасының қандай деңгейде орындалғанын нақты бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіштерді жіктеу. Әдісі: «Эссе»
30.	Тақырыбы: Блум таксономиясы – функционалды қ сауаттылықты дамытуда оқу жетістігін бағалау әдісі Әдісі: «Аралас логикалық тізбек»	Халықаралық зерттеулер. Б.Блумның таксономиясы бойынша категориялар мазмұны. Б.Блумның танымдық әрекеттер деңгейлері. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту.	«Ашық» және «жабық» сұрақтар жүйесі сыни ойлау технологиясын қолдану. Әдісі: «Рөлдік қоржын»

6. ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Біліктілікті арттыру курсы күндізгі-offline оқыту режимінде, оқы-тақырыптық жоспарға сәйкес, сағат саны – 108 сағатта ұйымдастырылады.

Курсты оқытудың ұзақтығы – 1 ай (27 күн). Көлемі - 108 академиялық сағат. Күніне өтілетін 4 сағаттың 2 сағаты теориялық материалдарды игеруге арналса, 2 сағаты практикалық сабаққа арналған. Сабақтың мазмұны мен құрылымы бағдарламада көрсетілген сағаттарды (дәріс сабақтары -54 сағат, практикалық сабақтар -54 сағат) құрайды.

Курс бойынша дәріс сабақтары online/offline форматында өткізілетін болады. Дәріс сабақтары online/offline FreeConference Call, <https://portal.wkitu>, білім беру порталы <https://wkitu-platonus.tk>, ZOOM, Padlet, Bandicam және т.б. платформасында өткізу ұсынылады.

Оқу сабақтарының барлық түрлері оқу сабақтарының кестесіне сәйкес жүргізіледі. Сабақ кестесінде online/offline форматында өткізілетін дәрістік, практикалық сабақтарға арналған конференция платформасы, идентификаторы және коды және практикалық (семинарлық) сабақтарға арналған аудитория нөмірі көрсетіледі. Оқу сабақтарының кестесі бүкіл академиялық кезеңге (бекітілгеннен кейін) тұрақты болады. Оқу сабақтарының бір академиялық сағатының ұзақтығы-45 минут.

Оқу сабақтарының кестесін қалыптастыру кезінде online/offline форматындағы дәріс және практикалық (семинарлық) сабақтар аптаның әртүрлі күндерінде жоспарланады.

Практикалық (семинарлық) сабақтар кестесін қалыптастыру кезінде жекелеген аудиториялар мүмкіндігінше тұрақты құрамның академиялық ағындарына бекітіледі.

СӨЖ пәндердің жұмыс оқу бағдарламасына (силабус) сәйкес жеке кесте бойынша ұйымдастырылады. Университет аудиторияларында дәстүрлі форматта да, Zoom, FreeConferenceCall, <https://portal.wkitu>, білім беру порталы <https://wkitu-platonus.tk> платформаларын қолдана отырып online режимінде де жүргізілуі мүмкін.

Оқу үдерісін ұйымдастыру оқытудың интерактивті әдістерін қамтиды: пікірталастар, "миға шабуыл", рөлдік ойындар, тренингтер, жоба әдісі, бейнефильмдерді талқылау, Сапа ілмегі, диаграмма Исикавы, менталды карта, синквейн, презентация, кесте, мәселелерді бірлесіп шешу.

Ересек аудиторияның ерекшелігін ескере отырып, тыңдаушыларға оқу барысында логикалық қорытынды жасауға, мазмұнды өз тәжірибесіне бейімдеуге және аудиториялық практикалық сабақтар мен аудиториядан тыс өзіндік жұмыс жағдайында алған дағдыларын сынауға мүмкіндік беріледі.

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Кәсіби білім беру жүйесіндегі инновациялық ізденістер жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту принципіне негізделуі керек. Білім беру мазмұнының даму функциясын күшейтуге, тыңдаушының жеке басының кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыруға, оқуға ынталандыру мәселесіне баса назар аударылады. Білім беру үдерісінің мұндай қайта бағдарлануы, ең алдымен, оқу-әдістемелік кешеннің (ОӘК) көмегімен жүзеге асырылатын барлық ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етуді жаңартуды талап етеді.

Оқу-әдістемелік кешен келесі құрылымға ие:

1. Нормативтік және оқу-әдістемелік құжаттама:

- оқу пәнінің жұмыс бағдарламасы;
- күнтізбелік-тақырыптық жоспар;
- оқу сабақтарының жоспарлары.

2. Оқыту құралдары:

- оқу-әдістемелік оқулықтар;
- оқулықтар, оқу құралдары, анықтамалықтар, тапсырмалар;
- дәріс жазбалары, бейнедәрістер, оқулықтар;
- әдістемелік құралдар, әдістемелік ұсынымдар, әзірлемелер, нұсқаулар;
- оқу-көрнекі құралдар (оқулықтар, электронды оқулықтар, презентациялар);
- үлестірме дидактикалық материал (карточкалар-тапсырмалар, дербес жұмысты, практикалық тапсырмаларды);
- білім беру платформасы (FreeConferenceCall, ZOOM және т.б.).

3. Пән бойынша оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету:

- пәнді оқытудың барлық курсына арналған оқу жоспарын орындау бойынша жұмыс бағдарламасы;
- сабақ жоспарлары, дәріс материалдары, сабақтың дидактикалық тұрғыдан қамтамасыз етуі.

4. Әр бөлімге арналған әдістемелік кешен, тақырыптар:

- сабақ конспектілері, дәріс тезистері;
- семинарлар, практикалық сабақтар және т. б.
- сабақ барысында тыңдаушылардың білімін есепке алу және бақылау бойынша материалдар (топтар бойынша, жеке, сараланған).

Тыңдаушылардың өзіндік жұмыс үлесінің (50%-ға дейін) артуына байланысты қажетті оқу және әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету проблемасы бар, оны шешуге оқу пәндері бойынша оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу көмектеседі.

ОӘК тыңдаушыларға қамтамасыз ету жаңа материалды игеруге, оқуды саралауға және дараландыруға, бақылау мен өзін-өзі бақылауды жетілдіруге, шығармашылық, зерттеу жұмыстарына уақыт бөлуге, демек, оқу процесінің тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Университет қабырғасында инклюзивті білім беруді ұйымдастыруды анықтайтын ереже қабылданды "Инклюзивті білім берудегі қызмет туралы ереже". Ережеге сай университеттегі инклюзивті білім беруді үйлестіруді

инклюзивті білім беру кабинеті жүзеге асырады (№ 105). Ерекше білім беру қажет ететін білім алушыларды оқытуға жауапты кабинет қызметінің негізгі мақсаты- жоғары білім беру бағдарламалары бойынша инклюзивті оқытуды қамтамасыз ету бойынша жағдай жасау. Бұл кабинеттің міндеттеріне ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды инклюзивті оқытуды сүйемелдеу, инклюзивті оқытудың ақпараттық-технологиялық базасын дамыту және қызмет көрсету мәселелерін шешу, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қашықтықтан оқыту бағдарламалары бойынша кедергісіз білім алу ортасын қалыптастыру. Кабинетте ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін мультимедиялық жабдық орнатылған:

1.Қазақ және орыс тілдерінде сөйлеу синтезін қолдайтын "JawsforWindows 2020 Pro" бағдарламалық жасақтамасы орнатылған.

2. Көру қабілеті бұзылған, нашар көретін пайдаланушыларға арналған zoomtextmagnifier 2020: лицензиялы компьютер орнатылған, экранды үлкейту бағдарламасы қосылған. Бағдарлама компьютер экранында мәтіннің көрсетілуін арттырады және жақсартады.

3.Редакторға шығарылатын контентті сурдоаудармамен сүйемелдеу үшін Сурдофорт-ТВ бағдарламалық қамтамасыз ету құрылғысы орнатылған. Кабинетте «Инклюзивті білім беру» пәні жүргізіледі.

8. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Біліктілікті арттыру бағдарламасы бойынша қорытынды аттестаттау-тестілеу түріндегі емтихан. Емтиханды өткізу уақыты мен орны кестеге сәйкес белгіленеді. Емтиханды тестілеу түрінде өткізген кезде оқытушы курс бағдарламасы шеңберінде тыңдаушылар тобына тест сұрақтарын береді. Емтихан тапсыру нәтижесі тест тапсырмаларын тексергеннен кейін бірден жарияланады. "50" балл алған жағдайда білім алушы белгіленген тәртіппен емтиханды қайта тапсыруға құқылы.

Тыңдаушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау Оқу пәнінің әрбір тақырыбы бойынша жүргізіледі және аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда (СӨЖ) білімді бақылауды қамтиды. Бағалау аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардың бағаларынан тұрады.

Білім алушылардың оқу жетістіктері дәстүрлі бағалау жүйесі бойынша бағаланады:

- 1) «Өте жақсы» – 90-100 балл
- 2) «Жақсы» – 70-89 балл
- 3) «қанағаттанарлық» – 50-70 балл.
- 4) «қанағаттанарлықсыз» -49 баллдан төмен жинағандар.

Курсты бағалау критерийлері:

- "Өте жақсы" - зерттелген материал негізінде толық және дұрыс жауап құра білу; Негізгі ережелерді бөліп көрсету, нақты мысалдармен, фактілермен жауапты өз бетінше қолдау; талдау жасау, қорытындыларды қорытындылау дербес дәлелденген. Зерттелген материал негізінде толық және дұрыс жауап

кұра білу; Негізгі ережелерді бөліп көрсету, нақты мысалдармен, фактілермен жауапты өз бетінше қолдау; талдау жасау, қорытындыларды қорытындылау дербес дәлелденген.

- "Жақсы" - толық және дұрыс жауап; зерттелген материалды көбейту кезіндегі кішігірім қателіктер мен кемшіліктер, ғылыми терминдерді қолданудағы немесе тұжырымдар мен жалпылаудағы түсініктердің анықтамалары, дәлсіздіктер; материал белгілі бір логикалық ретпен баяндалады.

- "Қанағаттанарлық" - себептік байланыстардың ішінара бұзылуы; кішігірім логикалық дәлсіздіктер, бірқатар негізгі фактілердегі қателіктер және барлық дерлік мәліметтер; мәліметтер келтірілген, бірақ талданбаған; фактілер әрқашан пікірлерден бөлінбейді, бірақ тыңдаушы олардың арасындағы айырмашылықты түсінеді.

Көптеген маңызды фактілер жоқ, қорытындылар жасалмайды; фактілер қарастырылып отырған мәселеге сәйкес келмейді, оларды салыстыру жоқ; негізгі мәселені бөлектей алмау (тіпті қате); көптеген нақты қателіктер бар. Тыңдаушының жауабында талданатын мәселенің іргелі және іргелі мәселелермен байланысы туралы түсінік жоқ.

Қорытынды аттестаттау тестілеу түрінде өтеді. Сұрақтардың жалпы саны – 20. Қорытынды тестілеуден өту және біліктілікті арттыру курсы аяқтау үшін дұрыс жауаптардың 50% және одан жоғары балл жинау қажет. Шекті деңгей-50 балл. Әрбір дұрыс жауап үшін 5 балл беріледі.

Сондай-ақ тыңдаушылар курс бойынша оқытудың тиімділігі туралы аралық бақылау нәтижелерін эссе, реферат, өзіндік жұмыс, диаграмма Исикавы, менталды карта, синквейн, презентация, кесте түрінде тапсыра алады.

9. КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 9 сәуірдегі № 137 бұйрығына қосымша) курстан кейінгі қолдау мынадай жүйелі іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады:

- университет базасында байқаулар, ғылыми-әдістемелік семинарлар, дөңгелек үлтелдер, шеберлік-сыныптары, конференциялар, баспа басылымдарындағы жарияланымдарға қатысуға тарту;
- инклюзивті білім беру жұмысын тиімді ұйымдастыру мәселелері бойынша сауалнама жүргізу;
- тыңдаушылардың ұсыныстарына сай біліктілікті арттыру білім беру бағдарламасына түзетулер енгізу.

Ол арқылы педагогтер тәжірибе алмасып, тың идеяларымен бөлісуге мүмкіндік алады.

10. НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Нормативтік құжаттар:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы (өзгертулер мен толықтырулармен 11.09.2023)
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген)
3. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (өзгертулер мен толықтырулармен 01.07.2023)
4. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (ҚР Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ)
5. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II ҚР Заңы (өзгертулер мен толықтырулармен 10.09.2023)
6. «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39-III ҚР Заңы (өзгертулер мен толықтырулармен 01.07.2023)
7. "Мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасын әзірлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 7 желтоқсандағы № 286-ө бұйрығына өзгерістер енгізу туралы (өзгертулер мен толықтырулармен 30.01.2015)
8. «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы» ҚР Білім министрінің (БМ) 2004 жылғы 3 қыркүйектегі № 712 бұйрығы
9. «Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Білім министрінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі № 744 бұйрығы
10. «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» ҚР Үкіметінің №1080 Қаулысы. – А., 2012
11. «Білім беру ұйымдарына қойылатын санитарлық-эпидемиялық талаптар» ҚР Ұлттық экономика министрлігінің № 179 бұйрығы. – А., 2014.
12. Дамуында мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдарының қызметі жөніндегі Типтік ережелер (ҚР БМ № 258 бұйрығымен бекітілген). – А., 2013.
13. «Білім беру саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің № 262 қаулысы. – А., 2014.
14. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» ҚР Үкіметінің №327 Қаулысы. – А., 2015.
15. Бастауыш білім берудің Типтік оқу жоспарлары. ҚР БМ № 233 бұйрығы. – А., 2016.
16. Бастауыш білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге

асыратын, білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың Ережесі / 2016 жылғы 21 қаңтардағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» министрдің бұйрығына қосымша, № 52., 2016 ж., - 5 б.

Негізгі әдебиеттер:

1. Инклюзия жағдайында білім беру процесі үшін заманауи ресурстарды пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 184 б.
2. Инклюзивті білім беру ортасында педагогтер мен мамандардың рефлексивті құзыреттерін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 176 б.
3. Педагогтердің инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік құқықтық құжаттарды орындауы бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 176 б.
4. Оқытуда мінез-құлық және ерекше қиындықтары бар балалар үшін инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 176 б.
5. Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамыту: әдістемелік құрал / құраст. З.П.Турсынбаева, Д.К. Тургунова. - Шымкент: «Өрлеу» БАҰО» АҚФ ОҚО ПҚБАИ, 2017. - 77 б.
6. Система критериального оценивания учебных достижений учащихся. Методическое пособие. – Астана: НАО. 2013. – 80 с.
7. 2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу үрдісін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 257 б.
8. Байменова Б.Б. Қазақстанда және шетелде инклюзивті білім беруді дамыту. - А, 2017.
9. Жұбакова С. С. Инклюзивті білім берудің теориясы мен практикасы. - А., 2017.
10. Монкебаева З.А., Оралканова И.О., Денисова И.А., Жакупова Д.С. Педагогтарды инклюзивті білім беруді енгізуге дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Алматы, 2018. -165 б.
11. Монкебаева З.А. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім: проблемалар мен перспективалар //Монография. – Алматы, 2018. -190 б.
12. Оспанбаева М.П. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 232 бет.

Қосымша әдебиеттер:

1. Алшынбекова, Г. К. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білімді қажет ететін балаларды әлеуметтендіру // Молодой ученый. — 2022. — № 18 (413). — С. 565-568.
2. Мигрант балалардың, босқын балалардың, қандас балалардың

- құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру. Әдістемелік ұсыным. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022. – 114 б.
3. Білім беру үдерісінде SMART-технологияларды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 120 б.
 4. Кинунен Т, Бабат К.М. Многообразие. Инклюзивность. Равенство.М., 2022.
 5. STEM-технология негізінде орта білім беру мазмұнын қайта құрылымдау Нұр-сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы. Алтынсарин, 2022. – 120 б.
 6. Парманкулова П.Ж. Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері// Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. –Шымкент, 2022.
 7. Инклюзивті білім берудің даму ерекшеліктері: халықаралық тәжірибе және отандық практика: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2017. – 343 б.
 8. Михальчи Е. В. Инклюзивное образование: учебник и практикум для вузов /— Москва, Издательство Юрайт, 2023. — 172 с.

Интернет ресурстары:

1. Алехина С.В. Инклюзивное образование: от политики к практике // Психологическая наука и образование. 2016. Т. 21. № 1. С.136–145.
<http://eduopen.ru/>
2. Айдарбекова А.А., Ермекбаева Л.К., Дербисалова Г.С., Самигулина З.Р. Формирование социальной компетентности детей с ограниченными возможностями, обучающихся в инклюзивной (интегрированной) среде-
<http://special-edu.kz/>
3. Джангельдинова З.Б., Айтжанова Р.К. Организационно-методические основы включения школьников с аутизмом в общеобразоват.процесс
<http://special-edu.kz/>
4. Даулетқан Ж.М. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу процесін ұйымдастыру жолдары.
https://repo.kspi.kz/bitstream/handle/123456789/3731/1150-al-farabi_72-76.pdf?sequence=1&isAllowed=y
5. Черняева Т.С. Инклюзивное образовательное пространство в школе.
<http://festival.1september.ru/articles/653265/ 9>.

Бағдарламаны дайындаушы:

"Педагогика және психология"
кафедраның аға оқытушысы,
педагогика және психология ғылымдарының магистрі
Халикова Б.Т.